



**БЕКІТІЛГЕН**  
«Эйр Астана» АҚ-ның  
Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі  
Вице-президенті

Белла Тормышева


A handwritten signature in blue ink, appearing to read "Bella Tormyshewa", written over a horizontal line.

«25» ақпан 2025 ж.

**«Эйр Астана» АҚ  
-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде орындалатын  
Zhas Kuran байқауын өткізу тәртібі туралы**

**ЕРЕЖЕ**


Алматы, 2025 жыл

|   |   |               |
|---|---|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyrgha» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |   | 2 / 14 бет    |

## Мазмұны

|                                   |    |
|-----------------------------------|----|
| 1-тарау. Жалпы ережелер           | 3  |
| 2-тарау. Анықтамалар              | 4  |
| 3-тарау. Байқаудың мақсаты        | 5  |
| 4-тарау. Байқауға қатысушы        | 5  |
| 5-тарау. Байқаудың қазылар алқасы | 5  |
| 6-тарау. Байқауды ұйымдастыру     | 6  |
| 7-тарау. Байқауды өткізу тәртібі  | 7  |
| 8-тарау. Құжаттарды рәсімдеу      | 8  |
| 9-тарау. Қорытынды ережелер       | 9  |
| № 1 Қосымша                       | 10 |
| №2 Қосымша                        | 12 |
| № 3 Қосымша                       | 14 |

---

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyrghyn» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 3 / 14 бет    |

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже байқаудың мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, сондай-ақ Zhas Kyrghyn бағдарламасы (бұдан әрі - Байқау) шеңберінде жол жүру гранттарын беру шарттарын реттейді.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы «Эйр Астана» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) болып табылады.

1.3. Байқау Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі және халықаралық аренада зияткерлік, спорттық және шығармашылық байқауда жоғары жетістіктерді көрсетуге қабілетті дарынды балалар мен жастарды қолдауға бағытталған.

1.4. Ұйымдастырушы бекіткен белгіленген талаптар мен іріктеу өлшемдеріне сәйкес келетін 7-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жастар Байқауға қатыса алады.

1.5. Байқау бірнеше кезеңмен өтеді:

- Қатысушылардың өтінім беруі;
- Құжаттарды алдын ала іріктеу;
- Тәуелсіз қазылар алқасының өтінімдерін соңғы қарау.

1.6. Ұйымдастырушы осы ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Қатысушылар өзгерістер туралы олар күшіне енгенге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйымдастырушының ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы және/немесе өтінім беру кезінде көрсетілген электрондық пошта арқылы хабарландырылатын болады.

1.7. Қатысу шарттарын, өткізу мерзімдері мен нәтижелерін қоса алғанда, Байқау туралы барлық ақпарат Ұйымдастырушының ресми сайтында және ақпараттық ресурстарында орналастырылады.

1.8. Қатысушылар мен Ұйымдастырушының қалауына қарай Байқаудың ресми тілі қазақ және/немесе орыс тілі болады.


1.9. Қатысушылардың Байқауға қатысуы осы Ережеде көрсетілген шарттар мен талаптармен келісуді білдіреді.

1.10. Дербес деректерді қорғау және бейнелерді пайдалану

1.10.1. Ұйымдастырушы Байқауға қатысушылардың дербес деректерін өңдеу кезінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қоса алғанда, дербес деректерді қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

1.10.2. 18 жасқа толған тұлғалар Байқауға қатыса отырып, өздерінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз бетінше келісім бере алады. 18 жасқа толмаған адамдар үшін келісімді олардың заңды өкілдері беруі тиіс. Бұл сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында, Ұйымдастырушының және Бағдарлама серіктестерінің ресми ресурстарында Байқауды ілгерілету үшін олардың фотосуреттері мен бейнематериалдарын пайдалануға рұқсатты қамтиды.

1.10.3. Қатысушылардың дербес деректері Байқауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты мақсаттарда ғана пайдаланылады.

|   |   |               |
|---|---|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kypa» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |   | 4 / 14 бет    |

## 2-тарау. Анықтамалар

**Байқау** – «Эйр Астана» АҚ ұйымдастырған «Zhas Kypa» атты халықаралық зияткерлік, спорттық, шығармашылық байқауларға, олимпиадалар мен жарыстарға қатысу үшін дарынды балалар мен жастарға жол жүру гранттарын беруге бағытталған іс-шара.

**Ұйымдастырушы** – Байқауды өткізуге, оның шарттарын қамтамасыз етуге және жол жүру гранттарын беруге жауапты «Эйр Астана» акционерлік қоғамы.

**Қатысушы** - Қазақстан Республикасының аумағында тұратын, Байқауға қатысуға өтінім берген және іріктеудің белгіленген өлшемдеріне сәйкес келетін 7-ден 18 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматы.

**Өтінім** - Байқауға қатысу үшін сауалнаманы, растайтын құжаттарды және қажетті басқа да материалдарды Қатысушы немесе оның заңды өкілі тапсыратын құжаттар жиынтығы (8-тарауды қараңыз).

**Жол жүру гранты** - Ұйымдастырушының маршруттық картасы шеңберінде халықаралық Байқауларға немесе жарыстарға қатысу үшін Қатысушының және оны алып жүруші адамның ұшуына тегін әуебилет беру түріндегі қолдау. Билет тегін рәсімделеді, алайда Қатысушы авиациялық алымдарды өзі төлейді .. Алым сомасы жеңімпаз қатысушыға оның сапарына сәйкес рейс бекітілгеннен кейін айқындалады.

**Қазылар алқасы** - берілген өтінімдерді бағалауға және гранттарды тағайындау туралы шешім қабылдауға жауапты білім беру және медиа саласындағы сарапшылардан тұратын тәуелсіз комиссия.

**Алып жүруші адам** - грант берілген халықаралық іс-шараларға Қатысушымен бірге жүретін кәмелетке толған адам (ата-анасы, қамқоршысы немесе өзге де адам).


**Дербес деректер** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Байқау өткізу шеңберінде оны сәйкестендіру және өңдеу үшін пайдаланылатын Байқауға қатысушыға қатысты ақпарат.

**Ұйымдастырушының сайты** – «Эйр Астана» АҚ ресми веб-ресурсы, онда қатысу қағидаларын, өткізу мерзімдері мен нәтижелерін қоса алғанда, Байқау туралы ақпарат орналастырылады.

**Жақын туыстар** - Қазылар алқасы мүшесінің немесе Ұйымдастырушы қызметкерінің асырап алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілер, немерелер.

**Байланысты адамдар** - мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтармен және некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан туындайтын міндеттермен байланысты адамдар тобы, сондай-ақ қазылар алқасы мүшесінің немесе Ұйымдастырушы қызметкерінің жақын жеке қатынастары бар қазылар алқасы мүшесінің немесе Ұйымдастырушы қызметкерінің достары немесе туыстары.

**Серіктестер** - Байқаумен оның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру мақсатында өзара іс-қимыл жасайтын ұйымдар, мекемелер, компаниялар, жеке тұлғалар немесе басқа да субъектілер. Серіктестер Байқауды табысты өткізуге ықпал ете отырып, ресурстарды, сараптаманы немесе қолдаудың басқа да түрлерін ұсына алады.

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyrpa» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 5 / 14 бет    |

### 3-тарау. Байқаудың мақсаты

3.2. Байқаудың мақсаты - халықаралық зияткерлік, спорттық, шығармашылық Байқауларға, олимпиадалар мен жарыстарға қатысу үшін жол жүру гранттарын ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының дарынды балалары мен жастарын қолдау және дамыту. Байқау төмендегілерді көздейді:

- Қазақстандық балалар мен жастардың жеке басының және кәсіби дамуына ықпал ететін халықаралық іс-шараларға қатысуын ынталандыру.
- Әлеуметтік және экономикалық жағдайына қарамастан барлық балаларға Байқауға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру.
- Жас дарындарды қолдау арқылы елдің адами капиталын дамытуға жәрдемдесу.
- Қазақстанның оң имиджін шетелде оның азаматтарының беделді халықаралық байқаулар мен жарыстарға қатысуы арқылы ілгерілету.
- Ұйымдастырушының әлеуметтік жауапты, ортаның дамуына ықпал ететін компания ретінде беделін нығайту.

### 4-тарау. Байқауға қатысушы

4.1. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Қазақстан аумағында тұратын 7-18 жас аралығындағы балалар мен жастар, сондай-ақ өңірлік Байқаулардың, жарыстар мен олимпиадалардың жүлдегерлері Байқауға қатыса алады. Қатысушының жүлделі орнының расталуы не халықаралық Байқауға, олимпиадаға немесе жарысқа қатысуға ресми шақыруының болуы қатысудың негізгі шарты болып табылады. Қатысушы жол жүру грантына өтінім бергенге дейін тиісті іс-шарада іріктеудің және тіркеудің барлық қажетті кезеңдерінен өтуге тиіс. Бұл талап іс-шараға қатысу мүмкіндігінің болмауынан грантты пайдаланудан бас тарту жағдайларын болдырмайды.

4.2. Байқауға қатысу барлық ниет білдірушілер үшін тегін жүзеге асырылады.

4.3. Байқаудың жеңімпаздары жол жүру грантымен өтелмейтін әуежай алымдарын өз бетімен төлейді.


4.4. Қатысушылардың өтінімдері олардың жетістіктері мен белгіленген өлшемдерге сәйкестігі ескеріле отырып, жеке негізде қарастырылады.

4.5. Командалар саны 5 адамға дейін болғанда Байқауға қатысуға рұқсат етіледі. Команданың әрбір қатысушысы жеке қарастырылады. Бір команданы алып жүрушілер саны 2 ересек адамнан артық болмауы керек.

### 5-тарау. Байқаудың қазылар алқасы

5.1. Қазылар алқасының төрағасын (бұдан әрі - Төрайым) және орнықты даму мәселелері жөніндегі департаменттен байқаушыларды корпоративтік коммуникациялар жөніндегі департаменттің вице-президенті Ұйымдастырушы ретінде, тағайындайды.

5.2. Ұйымдастыру комитетінің және қазылар алқасының құрамы Төрайымның шешімімен бекітіледі.

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyrpa» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 6 / 14 бет    |

5.3. Төрағадан басқа қазылар алқасының мүшелері тәуелсіз сарапшылар болып табылады және Ұйымдастырушының қызметкері бола алмайды, бұл олардың объективтілігі мен бейтараптығын қамтамасыз етеді.

5.4. Қазылар алқасының құрамы Төрайымның шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін, бұл оны Байқаудың қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

5.5. Байқаудың қазылар алқасы ашықтық, тәуелсіздік және объективтілік нормаларын сақтай отырып, Байқаудың өткізілуін қадағалайды.

5.6. Қазылар алқасының мүшелері өтінімдерді қарастыру кезінде құпиялықты сақтауға және Байқауды өткізу барысында алынған ақпаратты жария етпеуге міндетті.

5.7. Қазылар алқасының шешімдері алқалы түрде қабылданады және Төрайым қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

5.8. Өтінімдерді объективті және әділ қарастыру үшін Ұйымдастырушы қазылар алқасын барлық қажетті ақпаратпен және ресурстармен қамтамасыз етеді де, осылайша қазылар алқасы жұмысының сапасы мен тиімділігіне көмектеседі.

5.9. Қазылар алқасы мен Ұйымдастырушының жақын мүшелері Байқауға қатыса алмайды, бұл мүдделер қақтығысының болмауына кепілдік береді және іріктеу процесінің әділдігін қамтамасыз етеді.

5.10. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша қазылар алқасы мүшелеріне атқарған жұмысы және Байқауды өткізуге қосқан үлесі үшін сыйақы тағайындауға құқылы. Сыйақының мөлшері мен нысанын Ұйымдастырушы айқындайды.

## **6-тарау. Байқауды ұйымдастыру**

6.1. Байқау осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

6.2. Байқаудың шарттары мен мерзімдері туралы хабарлау компанияның әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ Ұйымдастырушының сайтында жүргізіледі.

6.3. Байқауға қатысушы толтырылған өтінімді, сондай-ақ қажетті құжаттар жиынтығын бейнеөтінішпен бірге тапсырады (8-тарауды қараңыз).

6.4. Қатысушы бейне хабарламаны сілтеме түрінде, ұзақтығы 1 минутқа дейін (қазақ немесе орыс тілінде) жібереді.

6.5. Бейнебайланыс тақырыбы: «Неге сені таңдауымыз керек?».


6.6. Қатысушы өзі туралы айтып, грант неге өзіне берілуі керектігін түсіндіруі тиіс.

6.7. Байқау шеңберінде ай сайын балалар мен оларды алып жүруші адамдарына (бір қатысушыға бір алып жүруші) 5 грантқа дейін бөлінеді.

6.8. Алып жүруші адам ата-анасы, қамқоршысы, оқытушысы, жаттықтырушысы, сондай-ақ жақын туысы болуы мүмкін. Алып жүретін адамда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланы алып жүруге сенімхаты болуы қажет.

6.9. Байқауды ұйымдастырушы өтінім беру мерзімдерін, іріктеу өткізу мен нәтижелерді жариялауды қоса алғанда, Байқаудың барлық кезеңдерінің кестесін қалыптастырады және бекітеді.

6.10. Қажет болған жағдайда Ұйымдастырушы Қатысушыдан өтінімде көрсетілген деректерді растау үшін қосымша құжаттарды немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyran» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 7 / 14 бет    |

6.11. Қатысушылар ұсынған барлық ақпарат тек қана Байқауды өткізу мақсаттары үшін пайдаланылады және Қатысушының келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды.

6.12. Қазылар алқасының гранттар беру жөніндегі шешімдері түпкілікті болып, қайта қарастырылмайды.

6.13. Жол жүру гранты Ұйымдастырушының реистерінде бос орын болған жағдайда беріледі, Ұйымдастырушы сұрау салынған рейсте бос орын болмаған жағдайда баламалы күндерді немесе маршруттарды ұсыну құқығын өзінде қалдырады. Қатысушы ұсынылған нұсқалардан бас тартқан кезде Ұйымдастырушы берілген грантты сол сапарға қайтадан алу мүмкіндігінсіз жоюға құқылы.

6.14. Байқауға барлық қатысушылар қатысуға өтінім берер алдында Ұйымдастырушының ресми сайтындағы [«Сапарды ұйымдастыру жөніндегі маңызды ақпарат»](#) бөлімімен танысуға міндетті. Байқауға өтінім беру арқылы Қатысушы осы тарауда жазылған ақпаратпен өз келісін растайды.

6.15. Қатысушы және/немесе ертіп жүруші адам билетті рәсімдегеннен кейін оны пайдалану мүмкін болмаған жағдайда (рейске кешігуді немесе визаны ала алмаған жағдайда не басқа себептермен) Ұйымдастырушы билетті қайта брондаудан бас тартуға құқылы.

## 7-тарау. Байқауды өткізу тәртібі

7.1. Қатысушылар толтырылған өтінімдерді қажетті құжаттар жиынтығымен бірге Байқау, жарыс немесе олимпиадаға 2 ай бұрын ұсынады. Өтінімдер әр айдың 1-нен 25-не дейін [zhaskyran@airastana.com](mailto:zhaskyran@airastana.com) электрондық поштасына қабылданады. Өтініш берушілер толтырылған өтінімдер мен тапсырылған құжаттардың дұрыстығына жауапты болады.

7.2. Өтінімдерді жинау мерзімі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы толтырылған өтінімдердің, сондай-ақ ұсынылған құжаттар тізбесінің дұрыстығын тексереді және осының негізінде грантқа үміткерлердің қорытынды тізімін қалыптастырады. Тізім қазылар алқасының қарауына әр айдың 30-шы күніне дейін келіп түседі. Дұрыс толтырылмаған өтінімдер және құжаттардың толық емес топтамасы қарастырылмайды.

7.3. Ұсынылған құжаттар негізінде Байқаудың қазылар алқасына мүшелері ай сайынғы кеңес барысында дауыс беру арқылы грант алушыларды анықтайды.


7.4. Қажет болған жағдайда қазылар алқасы тиісті салада бөгде сарапшыларды тартуға құқылы.

7.5. Даулы сәтте соңғы сөз қазылар алқасының Төрайымында болады. Ұйым Байқаудың қорытындыларын түсіндірмеуге құқылы.

7.6. Қорытынды нәтижелер келесі айдың 10 күнінен кешіктірілмей Ұйымдастырушының ақпараттық порталында жарияланады. Байқауда, жарыстарда немесе олимпиадада жеңіске жеткен жағдайда грант алушы Ұйымдастырушының қалауы бойынша дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

7.7. Әуеспапар Ұйымдастырушының маршруттық желісі шеңберінде ғана ұсынылады, маршруттың желіне кіретін мемлекеттерді Ұйымдастырушының ресми сайтынан көруге болады.

7.8. Өтінім оң қаралып және кейіннен грант алушы әуеспапардан бас тартқан жағдайда нәтижелер автоматты түрде жойылады.

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyran» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 8 / 14 бет    |

7.9. Грант алушылар грант берілген іс-шара аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде гранттың орынды пайдаланылуы туралы есеп беруге міндетті. Есеп іс-шараның қысқаша сипаттамасын, қол жеткізілген нәтижелерді, сондай-ақ растайтын құжаттарды (фотосуреттер, дипломдар мен сертификаттардың көшірмелері және т.б.) қамтуы тиіс (3-ші қосымшаны қараңыз).

7.10. Грантты орынсыз пайдаланған жағдайда Ұйымдастырушы билеттің толық құнын қайтаруды талап етуге құқылы.

7.11. Байқауды өткізудің барлық кезеңдерін процестің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін Ұйымдастырушы және тәуелсіз қазылар алқасының мүшелері бақылайды.

7.12. Байқауға қатысушылар осы Ереженің шарттарымен келіседі және өздерінің өтінімдерін бере отырып және Байқауға қатыса отырып, оларды сақтауға міндеттенеді.

7.13. Гранттар тек халықаралық Байқаулар, жарыстар мен олимпиадаларға қатысу үшін беріледі.

7.14. Байқаулық жазғы тағылымдамаларға қатысушылар бағдарламаға қатысуға өтінім бере алады.

7.15. Әрбір Қатысушы жол жүру грантын жылына ең көп екі рет ұта алады. Өтінім беру саны шектелмейді, бірақ жеңіс бір қатысушыға бір жыл ішінде екі рет қана беріледі.

7.16. Грант дәлелсіз себептермен бас тартылған жағдайда келесі екі жыл ішінде Байқауға қатысуға өтінім беруге шектеу қойылады. Аталған шара қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Бас тартуды жазбаша түрде рәсімдеп, [zhaskyran@airastana.com](mailto:zhaskyran@airastana.com) электрондық поштаға жіберу қажет.

7.18. Егер қатысушы жол жүру грантын алуға құжаттарды тапсырып, бірақ бір мезгілде әуебилеттерді өз бетінше сатып алған болса, Ұйымдастырушы әуебилеттерді қайтаруға, айырбастауға және айыппұл немесе басқа кез келген шығындарды өтеуге жауапты емес. Қос броньдауға байланысты кез келген салдарлар үшін Қатысушы жауапты болады. Ұйымдастырушы сондай-ақ осындай жағдайларда нәтижелерді өз қалауы бойынша жоюға құқылы.

## **8-тарау. Құжаттарды рәсімдеу**

8.1. Байқауға қатысу үшін берілетін барлық құжаттар PDF форматында ұсынылуы тиіс.

8.2. Өтінімдер анық, толық және дұрыс деректермен толтырылуы тиіс. Түсініксіз толтырылған өтінімдер қабылданбайды.

8.3. Әрбір құжат мазмұнына сәйкес аталуы тиіс. Мысалы, Өтінім \_ Аты-жөні; Шақыру\_ Аты-жөні.


8.4. Барлық деректер мен қолтаңбалар анық көрінетіндей сканерленген құжаттардың сапасы жоғары болуы тиіс.

8.5. Қатысушының жетістіктерін растайтын қосымша құжаттар (мысалы, дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттар) өтініммен бірге PDF форматында тапсырылуы тиіс.

8.6. Ұйымдастырушы өтінімде көрсетілген деректерді растау үшін Қатысушыдан қосымша құжаттарды немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

8.7. Байқауға қатысу үшін қажет құжаттар:




|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <p align="center"><b>«Эйр Астана» АҚ</b><br/> <b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br/> <b>орындалатын</b><br/> <b>«Zhas Kyrpa» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br/> <b>ЕРЕЖЕ</b></p> | 1-ші редакция |
|   |  | 9 / 14 бет    |

1. Дұрыс толтырылған өтінім. Өтінім тілі - қазақ не орыс (2-ші қосымшаны қараңыз).
2. Қатысушы баруды жоспарлаған Байқауға, жарысқа немесе олимпиадаға ресми шақыру, онда іс-шараның күні, орны және мәртебесі көрсетілуі тиіс.
3. Байқауға қатсушының өзі туралы және гранттың Қатысушыға неліктен берілуі тиіс екендігі түсіндіретін ұзақтығы 1 минутқа дейінгі бейнеөтініші (қазақ не орыс тілінде). Видео YouTube, Google Drive және т.б. сілтемелер түрінде жіберіледі.
4. Қатысушының жеке басын және оның алып жүруші адамын куәландыратын құжаттар.
5. Қатысушы мен алып жүруші адамның төлқұжаттарының Байқауға қатысуға өтінім берілген сәттен бастап кемінде 6 ай қолданылу мерзімі болуы тиіс.
6. Көрсетілген нысанда есеп беру туралы жазбаша міндеттеме (3-ші қосымша).

### 9-тарау. Қорытынды ережелер

- 9.1. Осы Ереже оны бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және оның күші жойылған немесе өзгертілген сәтке дейін қолданылады.
- 9.2. Осы Ережеде көзделмеген мәселелерді Ұйымдастырушы қарастырады және оның шешімдері үзілді-кесілді болып табылады.
- 9.3. Қатысушылар мен олардың өкілдері Ұйымдастырушының өкілдеріне құрметпен қарауы тиіс. Қатысушы дәрекі мінез-құлық танытқан жағдайда Ұйымдастырушы оның Байқауға қарастырмауға құқылы.
- 9.4. Қатысушылар тапсырған құжаттар мен ақпараттың дұрыстығына өздері жауапты. Дұрыс емес деректер анықталған жағдайда өтінімдер еш түсіндірусіз қабылданбайды.
- 9.5. Осы Ережемен Ұйымдастырушының ресми сайтында танысуға болады.

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyrpa» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 10 / 14 бет   |

**№ 1 Қосымша**

«Эйр Астана» АҚ  
 БИН: 010940000162

**«Zhas Kyrpa» бағдарламасына қатысушысының  
 дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі**

Мен, \_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_ азаматы,  
 (Тегі, аты, әкесінің аты (болса)) (ел атауы)

\_\_\_\_\_ ,  
 (жеке басын куәландыратын құжатты кім берді, атауы, нөмірі, күні)

деректер субъектісі<sup>1</sup> / деректер субъектісінің<sup>2</sup> заңды өкілі болып табыламын (керегінің астын сызу), дербес деректерді, сондай-ақ осы Келісіммен реттелген мақсаттар мен көлемдерде болашақта болып жатқан өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жинауға және өңдеуге «Эйр Астана» АҚ-ға (бұдан әрі - «Компания») келісімімді беремін.

**I. Заңды өкілі туралы мәліметтер**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (заңды өкілдің өкілеттігін растайтын құжаттың деректемелері, мысалы, Қатысушының туу туралы куәлігі, қорғаншы және қамқоршы органның шешімі және т.б.)

**II. Дербес деректерді жинауды, өңдеуді және (немесе) беруді «Эйр Астана» АҚ келесі мақсаттар (мақсаттар) үшін жүргізеді**


- «Zhas Kyrpa» бағдарламасын іске асыру;
- Байқау рәсімдерге қатысу және өтінімдерді қарастыру;
- Байқау нәтижелері және тиісті сыйақылар беру туралы хабарламалар;
- Бағдарламаны іске асыруға байланысты басқа да мақсаттар.

**III. Қатысушының жиналатын, өңделетін және (немесе) тапсыратын дербес деректерінің тізбесі;**

- Тегі, аты, әкесінің аты;
- Азаматтық;

<sup>1</sup> 18 жасқа толған тұлғалар Байқауға қатыса отырып, өздерінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз бетінше келісім бере алады.

<sup>2</sup> 18 жасқа толмаған адамдар үшін «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес олардың заңды өкілі келісім беруі тиіс.

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ<br/>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде<br/>орындалатын<br/>«Zhas Kyrghyn» байқауын өткізу тәртібі туралы<br/>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 11 / 14 бет   |

- Тұратын жері (қала/облыс, елді мекен);
- ЖСН;
- Байланыс деректері (телефон, e-mail);
- Оқу орнының атауы;
- Фотосуреттер, бейнематериалдар;
- Ұсынылған құжаттардағы ақпарат (мысалы, жетістіктерді және іс-шараларға қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері).
- «Zhas Kyrghyn» Байқауын өткізу тәртібі туралы ереженің №2 қосымшасында аталған «Zhas Kyrghyn» бағдарламасына қатысу үшін қажетті өзге де мәліметтер.

#### IV. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің қолданылу кезеңі

Осы келісім оған қол қойылған сәттен бастап «Zhas Kyrghyn» бағдарламасына қатысу аяқталғанға дейін, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес құжаттарды мұрағаттық сақтау кезеңінде қолданылады.

#### V. «Эйр Астана» АҚ-ның трансшекаралық беруді қоса алғанда, дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі туралы мәліметтер

Келісімнің осы нысанының VI бөлімінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді өңдеу контексті оларды үшінші тұлғаларға беруді және трансшекаралық беруді көздемейді.

#### VI. Жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректерді тарату туралы мәліметтер

Тегі, аты, әкесінің аты, фотосуреттері мен бейнематериалдары бұқаралық ақпарат құралдарында, Ұйымдастырушының және Бағдарламаның серіктестерінің ресми ресурстарында Байқауды ілгерілету үшін пайдаланылуы мүмкін.

Компания заңнаманың талаптарын және осы Келісімде қол жеткізілген шарттарды сақтаған жағдайда, бұдан былай дербес деректерді жинауға және өңдеуге қатысты «Эйр Астана» АҚ-ға қандай да бір наразылық білдірмейтін боламын.

Осы Келісімнің мәтінін оқыдым, толықтырулар, ескертулер мен қарсылықтарым жоқ.


Деректер субъектісінің/деректер субъектісінің заңды өкілінің Т.А.Ә, (керегінің астын сызу):

---

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.


Қолы: \_\_\_\_\_

---

|   |   |               |
|---|---|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ орындайтын<br/>компанияның әлеуметтік жауапкершілігі<br/>шеңберінде<br/>«Zhas Kypa» Байқауын өткізу тәртібі туралы<br/>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші Редакция |
|   |   | 12 / 14 бет   |

**№2 Қосымша**

| №                                    | Қатысушыдан сұралатын деректер   | Қатысушы ұсынған деректер   |
|--------------------------------------|--|---|
| 1*                                   | Тегі, аты, әкесінің аты (ТАӘ)  |   |
| 2*                                   | Туған күні (күні-айы-жылы)   |   |
| 3*                                   | Азаматтығы   |   |
| 4*                                   | Тұрғылықты жері (қала/облыс, елді мекен)   |   |
| 5*                                   | Ұялы телефон нөмірі (немесе ата-анасының/қамқоршысының байланыс деректері)   |   |
| 6                                    | Екінші ұялы телефон (бар болса)  |   |
| 7*                                   | Электрондық пошта  |   |
| 8                                    | Сіз қандай байланыс әдісін қалайсыз? (Белгілеу)  | А. Электрондық пошта<br>Б. Телефон қоңырауы<br>В. СМС (мессенджер)                  |
| 9*                                   | Мектеп (нөмірі/атауы)  |   |
| 10*                                  | Қатысушы бара жатқан<br>Байқаудың/олимпиаданың/жарыстың атауы  |   |
| 11*                                  | Қатысушы бара жатқан<br>Байқауды/олимпиаданы/жарысты өткізетін қала және елі   |   |
| 12*                                  | Байқаудың/олимпиаданың/жарыстың пәні   |   |
| 13*                                  | Байқау туралы ақпарат (жалпы сипаттамасы, қатысушылардың саны, қанша жылдан бері бар, байқау немен ерекшеленеді)         |   |
| 14*                                  | Сайттың ресми сайтына/бетіне сілтеме   |   |
| 15*                                  | Байқауды өткізу күні (күні-айы-жылы)   |   |
| 16*                                  | Жоғарыда аталған Байқауға қалай өттіңіз?<br>(Белгілеу)   | А, Іріктеу турынан өттім<br>Б. Өтінім жібердім<br>(онлайн/оффлайн)<br>V. Басқа_____ |
| 17*                                  | Жетістіктерді/марапаттарды санамалау (және марапаттарды /сертификаттарды осы өтінімге қосымша ретінде салу) <sup>3</sup> |   |
| 18*                                  | Бейне хабарламаға сілтеме (YouTube, Google Drive және т.б.)  |   |
| 20                                   | «Zhas Kypa» туралы қайдан білдіңіз?  |   |
| <b>Еріп жүруші туралы мәліметтер</b> |  |   |
| 21                                   | Еріп жүрушінің тегі, аты, әкесінің аты   |   |

|   |  |               |
|---|--|---------------|
|  | <b>«Эйр Астана» АҚ</b><br><b>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде</b><br><b>орындалатын</b><br><b>«Zhas Kyrpa» байқауын өткізу тәртібі туралы</b><br><b>ЕРЕЖЕ</b> | 1-ші редакция |
|   |  | 13 / 14 бет   |

|     |  |  |
|-----|--|--|
| 22* | Ертіп жүруші қатысушыға кім болып келеді?<br>( астын сызу) | А. Ата-анасы<br>Б. Қамқоршысы<br>В. Ұстазы/бапкері<br>Г. Басқа _____ |
| 23* | Ертіп жүрушінің азаматтығы                                 |  |
| 24* | Байланыс нөмірі  |  |
| 25  | Электрондық поштасы  |  |

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын орындау үшін өтінімді жібере отырып, «Эйр Астана» АҚ-ға менің дербес деректерімді өңдеуге (менден және/немесе кез келген үшінші тұлғалардан алуды қоса алғанда) келісім беремін және осындай келісім бере отырып, мен өз еркімен және өз мүддемде әрекет ететінімді растаймын.

Мен, «Zhas Kyrpa» бағдарламасына қатысушымын,


\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (болса))

жоғарыда көрсетілген ақпаратты аша отырып, маған белгілі болғанындай, барлық ұсынылған ақпарат дұрыс, дәл және толық екенін растаймын және қажет болған жағдайда тапсырылған ақпаратты тексеруге рұқсат беремін.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Ескертпе:** Белгіленген жолдар (\*) - толтыру үшін міндетті.

<sup>3</sup> Сілтемелер өтінімді қарау аяқталғанша ашық болу қажет.

|   |   |               |
|---|---|---------------|
|  | «Эйр Астана» АҚ<br>-ның әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде<br>орындалатын<br>«Zhas Kyrghan» байқауын өткізу тәртібі туралы<br>ЕРЕЖЕ | 1-ші редакция |
|   |   | 14 / 14 бет   |

№ 3 Қосымша

Мен, «Zhas Kyrghan» байқауының қатысушысы,

\_\_\_\_\_

(Аты-жөні)

сапар нәтижелері бойынша 10 күннен кешіктірмей есеп<sup>4</sup> ұсынуға міндеттенемін, атап айтқанда:

- 1) Ұйымдастырушы ұшағының бортындағы фотосурет
- 2) хештегі көрсетілген әлеуметтік желілердегі екі жарияланым #zhaskyrghan\_airastana
- 3) көрсетілген Байқауға қатысқанын растайтын диплом не сертификат.

Есеп жарияланымдарға сілтемелерді қосып PDF форматында тапсырылады.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қатысушының қолы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

**Ескертпе:** Қатысушылар ұсынылған құжаттар мен ақпараттың дұрыстығына жауапты.

Осы құжатпен қатысушы Байқау ережесімен танысқанын растайды (Ереже Ұйымдастырушының [ресми сайтында](#) танысу үшін жарияланған).

Байқауға қатысу Байқау ережесінде жазылған шарттар мен ережелерге толық келісуді білдіреді.

<sup>4</sup>Есеп іс-шараның қысқаша сипаттамасын, қол жеткізілген нәтижелерді, сондай-ақ растайтын құжаттарды (фотосуреттер, дипломдардың, сертификаттардың көшірмелері және т.б.) қамтиды